

ISSN 1811-1831

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Қ. ТӨРАЙБЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ МЕМЛЕКЕТтік УНИВЕРСИТЕТІ



3'2008



ПМУ хабаршысы Вестник ПГУ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІРТҰТАС ҮДЕРІСІНІҢ МАЗМҰНЫ

*Е. Жұматаева, А.Е. Беисова, Е.С. Иманбаев,
Д.Е. Демешев*

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті**

Модуль 1. Дарынды оқушыларды оқытудың педагогикалық біртұтас үдерісінің мазмұны

Блок 1. Дарынды оқушыларды оқытудың стандарт негізіне жүгінген білім мазмұны

Мақсаты: 1.1 Дарынды балаларды оқытудың педагогикалық біртұтас үдерісінің мазмұнын басқару іс-әрекетін айқындаудың мақсаты соңғы нәтижеге жетудің ең озық жолын, амалын табу болып есептеледі. Дарынды оқушының бойындағы қабілет өз-өзінен дамай қоймайтынын ескерсек, олардың бойына ұстаз оқу еңбегі танымдық (когнитивтік, перцептивтік, апперсепселік), коммуникативтік, көркемдік және талғампаздық, рухани-заттық құндылық, денешынықтырушылық қасиеттерін дарытуы көзделеді. Аталған қасиеттер оқушының сыртқы ортамен, табиғатпен және басқа да арналармен байланыс жасап, одан өзінің интеллектуалды әлеуетін дамытуға нәр алатынына мүмкіндік туады. Атап айтсақ, рухани нәр алатын көздер: табиғат, қоғам, мәдениет, тұрмыс, техника және т.б. Мұның өзі тек мұрат, арман сияқ-

ты ұстаным, оны тек педагогикалық біртұтас үдеріс барысында әр ұстаз ұдайы нұсқаулық бағдарында есепке алуын қарастыруы - өмір талабы. Педагогикалық біртұтас үдерісте оқыту мазмұнын білім мазмұнына икемдеп, оның жеке дарынды болмысты дамытарлық мүмкіндігін күні бұрын проектiге салғанда ғана аталған мақсат өз деңгейінде шешіледі. Бұл педагогикалық біртұтас үдерісінiң ең басымдықтағы өлшемі болмақ. Осындай мұратқа кемелденіп жеткенде ғана әр дарын иесі өз қабілетін өздігінен дамытуына мүмкіндік алады. Ол үшін дарындылық бағдар жасаудың амал-тәсілдерін, технологиялық жемісін нықтап жобалау іс-әрекетін қамтамасыз ету барлық педагог қауымының алдына қойған ізгілікті жауапкершілігі дер едік.

Блок 1-дің түйіндемесі.

Дарынды оқушыларды оқытудың педагогикалық біртұтас үдерісінiң негізгі мақсаты - жақын және алыс мұраттарын іске асыру. Жақын алаңы, әрбір дарындылыққа икемі бір оқушының ішкі пайымының өркендеуіне білім мазмұнын ыңғайлау. Алыс алаңына болашақта дарынды оқушы өзінің интеллектісін өздігінен дамытуға бейімделуі.

Блок 2. Дарынды оқушыларды оқытудың тұжырымдамалық модельдеу деңгейіндегі мазмұны

Бұл дарынды оқушыларды оқытудың тұжырымдамалық модельдеу деңгейіндегі мазмұны нақтылы да нұсқалы. Дарынды оқушылардың алыс мұраты ол мектептегі министрліктен ұсынылған стандарт мақсатын жүзеге асыру іс-әрекетін басқару. Сөйтіп, дарынды оқушылар дарындылық талабына сай ізгілікті ұстанымдағы жан-жақты тұлғасы болмысымен білімденуге ынталанады.

Мәселені шешудің амал-тәсілдері, жолы - педагогикалық теорияның мақсатты субстанциясы. Құзыреттілікті ізгілік мазмұнына сыйымды "ету" формуласына ыңғайлау. Нәтижесінде дарынды оқушы болашақта өз отанын Бақыт, Ізгілік Нұрына бөлейтін жан-жақты дамыған патриот азамат болуына бағдар алады. Бұл мәселені шешуде педагогтардың ғылым төңірегіндегі арсеналдары неміс профессоры В. Брецинканың "өмірсүйгіш

қызметті іске асыру" формуласындағы қоршаған орта мен ғаламға сеніммен қарау, өзінің болашағына демеу табу, маңыз беру, өршіл оптимистік бағдар жасау, өмірге күштарлық, маңындағыларға рахым көрсету және т.б. ізгілікті ұстаным жолдарын көрсетуші деп бағалап отыр.

Француз педагогы С. Френе "жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу тек оған мүмкіндік беретін қоғам қажет", - деп есептеген.

Орыс халқының классикалық педагогикасының өкілі К.Д. Ушинский (XIX ғ.) ақыл-ой, еңбек, адамгершілік қасиеттерін дамыту деп санаған.

В.А. Краковский "Адам болу амалы. Жалпы адамзаттық құндылық - біртұтас педагогикалық үдеріс негізі" [1] 8 жалпы азаматтық құндылықтың Краковский 8-ін бөліп алған: Жер - адамзаттың жалпы үйі (адамдар мен табиғат); Отан (Елі); отбасы; білім; мәдениет; Әлем (адамдар арасындағы келісім); Адам, Табиғат.

Педагогикалық біртұтас үдерісте дарындылыққа бағдарлау мәдениеті түрлі сипатта: 1) Саяси. 2) Жариялылық. 3) Құқылық. 4) Интеллектуалдық. 5) Адамгершілік. 6) Экологиялық. 7) Көркемдік. 8) Денешынықтыру мәдениеті.

Оның міндеттері аталған алты кіші бөліктерін білім мазмұнына унификациялау болып табылады. Нақтылап айтсақ, дарытушылыққа бағдарлаудың нақтылы міндеттерін шешуде алдымен 1) Олардың денсаулығын сақтау үшін оқу еңбегін дұрыс ұйымдастыру, артық салмақ түсірмеуді қарастырады. 2) Одан кейін ақыл-ой, парасаттау іс-әрекетінің барлық мүмкіндігін барынша дұрыс пайдалануды дәлелдейді. 3) Өзінің қабылдаған біліктілігінің тұшымды деген тұсы мен көркемдік талғамын дамытар деген нысандарды жадына бекітуге дағдылану. 4) Оқу еңбегін басқа еңбекпен байланыстыру. Аталған міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызар ұстаздың нұсқауы екені ескеріледі. Нәтижесінде аталған деңгейліктер сыңайында дарындылық қабілетке бейімдеудің педагогикалық біртұтас үдерісі сұрыпталады. Егер ұстаз бірінші бағдарлау деңгейінде тек сабақтың

мақсатын ойластырса, екіншіде ол педагогикалық біртұтас үдерісінің мазмұнын саралайды. Сөйтіп, бұл іс-әрекет теориядан практикаға ауысады.

Дарынды оқушыларды оқытудың алғашқы қадамында оның маңыздылығы мен мәні зерделенеді, бұл - білім қабылдау мен қабылдамайтын нысандарды ажырату кезеңі. Мәселен, сабақта ұсынылған саяси ағымдар оқушының саяси сенімділігіне әсер етеді. Ол жағымды ма әлде жағымсыз ба? Осындай мәселелерді оқушының өзі аңғаруы көзделеді. Екінші қадамда дарынды оқушыларды оқытудың педагогикалық біртұтас үдерісінде оқушы өзіне қатысы бар теориялық маңызды мәселелерді шешуге бағдар жасауы қарастырылады.

Бұл орайда поляк ғалымы В.Оконь соңғы жылдары "азаматтық білім мен тәрбие беру" көптеген мемлекеттерде зерттеу нысанына айналып кетті, себебі қоғамдағы туындаған қайшылықтар осындай зерттеудің өзектілігіне әкелді деген ой-пікір білдіреді. Міне, осындай саяси-заңнамалық, құқылық, экономикалық мәселелер мектептегі педагогикалық біртұтас үдерісінің мазмұнына өзгерістер енгізіп отыратынына ұстаздар қауымы мән беруі өмір талабы [2].

Үшінші қадамда егер саяси мазмұнды іске асыру міндетін шешу болса, онда саяси дүниетанымды дамытуға оқушылармен нұсқалы және нақтылы нысананы талқылау қарастырылады.

Осы тұжырымдамалық-модельдеу деңгейінде ұстаздар басқарудың менталитетін, философиялық тәрбиенің, басымдықтың маңызын, парасаттауға қатысты мәнділіктің білім мазмұны мүмкіндігінде барынша қызмет барысында тиімді пайдаланады.

Бұл орайда оқушылардың саяси ағымдағы дарындылығы сабақтан кейін рейтингіге салу үшін бірталай креативтік сауалнама өткізуге болады:

- Біздерді өте күрделі әлем қоршап тұр. Оны қалай түсінесіз?
- Адам табиғат Құдіретінің бір бөлшегі, оған қандай дәйектемеңіз бар? Ғұламалар бұл туралы қандай пікір айтқан?

- Табиғат адамға бағынады. О.Сүлейменовтің "Земля, поклонись Человеку" деген ұстанымына қалай қарайсыз?

- Адам табиғатты қайта жасай ала ма, оған қалай қарайсыз физика, астрология, химия ілімдерінен мысал келтіре аласыз ба?

Блок 2-нің түйіндемесі

Дарындылыққа бағдар жасай алатын оқушылар нақтылы білім қорын өзінің және елінің игілігіне нұсқалы тұрғыда қолдануына толық мүмкіндігі бар. Тұжырымдамалық-модельді деңгейдегі ұстаздар нұсқасынан түрлендіріп, тереңдетіп (деңгейліктерге орай) унификациялау шеберлігіне ие болады.

Ал дарынды оқушылар білім мазмұнын жан-жақты ескеріп, оның өмірдегі қолданым аясында талқылау алаңына белсенді қатысады.

Модуль 2. Пән мазмұнының деңгейі

Блок 3. Дарынды балаларға арналған нақтылы-нұсқалы мазмұнды басқару

Дарындылыққа бағдарлаудың амальнда әр оқушының қабілетін жеке-жеке дамыту алаңының шегін көрсеткіштер мен өлшемдіктерге жіктеу қажеттілігі бар. Жұмыстың бұл түрінде педагогикалық біртұтас үдерістің мазмұнын нақтылы бағдарға құру көзделеді.

Кесте - 1. Дарындылыққа бағдарлаудың амалында әр оқушының қабілетін дамытудың аймағы

I аймақ	Біліктілік		Дамушылық	Ізгіліктілік
Дарындылыққа бағдарлаудың аймағын өзектендіру, дарынды қабілеттілік тұлғаны дамыту	Білім мазмұнын дарынды қабілетке бейімдеу, унификациялау	Оқу еңбегіне ширату (оқу іс-әрекетінде өздігінен біліктілігінің арттырылуын дамыту)	Парасатты іс-әрекетті дамыту қызметін денгейліктерге жеке-жеке ыңғайлау	Отандық, өлемдік рухани құндылықтардан ізгілікті ұстанымдарды саралау
II аймақ	Оқытылым деңгейі		Дамушылық	Тәрбиеленушілік деңгейі
Біліктіліктің жақын аймағы, дарындылық қабілетті дамытудың мүмкіндігі. Интеллектуалды әлеует кеңістігі.	Жаңа білімді өз деңгейіне бейімдей алу қабілетін ұштау Жаңа білімге орай жаңа қабілеттіліктің даму қарқынын межелеу		Өзін келген жерінен одан өрі дамыта алу қабілетін ширату	Басқа дарынды қабілеті бар тұлғалардан үлгі-өнеге алу шеберлігін дамыту
III аймақ	Өзін-өзі оқытудың амал-тәсілдері		Өзін-өзі дамыту амалы	Өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеу
Өзін-өзі оқыта алу іс-әрекетін шындаудың аймағы. Әлеуетті білім деңгейі. Дарынды қабілетіне бағдарлаудың деңгейліктері	Ынталылық, өзін-өзі рухтандыру, ешбір марапат тоспай, өзіне қажетті әлеуетті игеруге ықыластану амал-тәсілдері: жалқылау-жалпылау; талдау, жинақтау; бара-бар мазмұнын іріктеу.		Парасатты іс-әрекет нәтижесі тұжырым құру, бағамдау, түйіндеу, қорытынды жасау, пікір айту, ұсыныс беру.	Баспасөз, телевидео және т.б. ақпараттық құралдардан ізгілікті ұстанымдарды сұрыптап, жадына дарыту, оны өзінің іс-тәжірибесіне айналдыру амал-тәсілдері.

Ұстаз дарынды қабілетке бағдарланудың нақты міндеттерін құрып, оның жеке деңгейлік аймағын айқындайды. Дарындылық қабілетке бағдарлауды басқару іс-әрекетінің міндеті тәрбиені білім мазмұнының мүмкіндігін толық дерлік пайдалану арқылы шешіледі.

Дарындылық қабілетке бағдарлауды басқару іс-әрекетінің міндеті әр оқушының деңгейін жеке-жеке диагностикалап, олардың перцептивті және апперсепсені қабылдау ішкі мүмкіндігін ажыратып, олардың әрқайсысының деңгейіне шақталған дамыту алаңын лайықтау көзделеді. Біліктілік аймағының нақтылы міндеті білім деңгейі білім мазмұнының стандарт шегінен

артық аймағында іске асады. Бұған арнаулы авторлық ұстаным-да құжаттар әзірленеді.

Теорияның әртүрлі түрғыда көрінісі сонау әл-Фараби, Ж. Баласағұни, Қ. Яссауи және т. б. даналардың білім мен ізгілік кеңістігіне қатысты айтқан ой-пікірлері ұлттық сипаттың субстанциясы болады. Бұл кезеңде рухани-идеалистік құндылықтар басымдықта келеді. Мұнымен бірге осы уақыт пен кеңістікте латын, грек тілдері, арабша сөйлеу тұлғалық болмыстың көрсеткіші ретінде қабылданғаны ескеріледі.

XVIII-XIX ғғ. заттың білім теориясы басымдықта келеді. Өндіріс, жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне қатысты білім алу бағдары үстемдік жүргізгені есептеледі.

XX ғасырдың басында бүкіл әлемге Дж. Дьюидің тұжырымдамалық білім беру ықпал етеді. Мұны прагматикалық білім игерудің кеңістігі дейміз. Мұнда білімді нақтылы бағдарламамен беруге Дж. Дьюи қарсы болып, көбінесе тәжірибедегі қолданымға қатысты біліктілікті арттыру басымдықта келген. Дж. Дьюидің тұжырымы бір нәрсені өте терең де жан-жақты меңгеруге бағдарлайды. Көп пәнді қамтығанмен, мамандыққа қатысы бар пән терең оқылмай қалатынын ескерсек, аталған тұжырымның ұтысы бар екені аңғарылады. Дарынды қабілетті дамытуда кіші біліми алаңды өте терең және кең ауқымда зерделеу ісі қажеттілік болып табылады.

Біліктілік қызметті басқару іс-әрекетінде дарындылыққа бағдарлаудың тәжірибедегі ұсынылатын негізде құрылуы:

1. Білім мазмұнының ғылыми негізде құрылуы, логикаға сыйымдылығы.

2. Білім мазмұнының шындыққа сәйкестілігі, теорияның тәжірибедегі көрінісі бүгінгі ғылым талабынан шығуы.

3. Оқушылардың дарынды қабілетін арттыруға жеке мүмкіндіктерін ескеріп, даралау-саралау нәтижесінің деңгейліктерін жіктеу.

Біліктілік алу мүмкіндігі бүгінгі білім талабына сай үш айналымға жіктеледі:

- 1) Жаратылыстану және физика-математикалық;
- 2) Қоғамдық;
- 3) Енбек және дене шынықтыру.

Дарындылық қабілетті дамытудың үш аспектісі басымдыта: 1) пәнді оқушының дарынды қабілетіне сай тереңдету; 2) дарындылық қабілетті ұштаудың арнайы икем-дағдысына лайықты мүмкіндік жасау; 3) осы қабілетті дарындылыққа жеткізу мақсатына арналған іс-әрекет арналарын қамтамасыз ету.

Блок 3-тің түйіндемесі

Нәтижесінде, нақтылы-бағдарлау деңгейінде ұстаз дарынды қабілетті ұдайы өркендетудің нақтылы міндеттерін іске асырады.

Блок 4. Педагогикалық біртұтас үдерісінің мазмұндық пәнінің деңгейі

Оқу бағдарламалары. Дарынды қабілетті өркендетуге лайықты атворлық бағдарламалар мемлекеттік стандарт шегінде тереңдету қағидасымен ғылыми негізде ғалымдардың басшылығымен құрылады. Бірақ, стандарт шегіндегі пәндердің мазмұн-құрылымы сол қалпында сақталады.

70-жылдары барлық Одақ кеңістігіндегі мектептерде проблемалық-кешенді жүйе енгізіліп, әрбір пәнге қосымша сыныптан тыс жұмыстар қарастырылған. Бұл өзін-өзі ақтамаған жүйе болып табылды.

Ал 80-жылдары жаппай модульдік жүйеге көшу "науқаны" басталды. Көбінесе, бұл оқу іс-әрекеті американдық ғалымдарға қатысты енгізілді. Модуль деген ұғымға сай басқару бір дарынды оқушымен жүргізетін жұмыстың бір бөлігі, яғни білім мазмұнымен қамтамасыз ету. Әрқайсысына жеке-жеке уақыт бөлу. (Сыныпта 7 оқушы болса, уақытты оларға тең етіп бөлу). Бұл - іс-әрекетті басқаруда қолданылатын модуль. Ал оқулық құрастырудағы модуль ол мүлдем басқа. Модульді неміс ғалымдары программалық бірлікте деп қабылдайды. Өкінішке орай оқу бағдарламасын бұндай жүйеде жүргізуге біздің еліміз төселе алмады.

Оқу бағдарламасын құрудың екі тәсілі бар: концентрлі және линейлі.

Линейлі тәсілде жаңа тақырып алдыңғы тақырыптың жалғасы ретінде өтіледі. Концентрацияны тәсілде жаңа тақырыпты өткенде кейінгі тақырыпқа қайта оралу және ол өте күрделі де терең қағидаға сыйымды жүргізіледі. Аталған екі тәсіл - мамандандырылған мектептерге аса келе бермейтін іс-әрекет. Дарынды оқушылардың оқу іс-әрекетін басқаруда көбінесе мемлекеттік стандартқа жүгінген авторлық бағдарламалар заңдастырылып, сараптаудан өтіп, тәжірибеде қолданылады.

Авторлық бағдарламалар құруға нені білу керек? - дегенге жауап:

Біріншіден, мемлекеттік бағдарламада не қанағаттандырмайды? Дарындылық қабілетті арттыруға, дамытуға нені білім мазмұны сапасында алу көзделеді дегенді ескерді.

Екіншіден, білім мекемесінің басымдығы неде? - дегенге жауап іздейді.

Үшіншіден, күрделі дидактикалық мәселені шешу бұл ұсынылып отырған бағдарламада ескерілді ме? - дегенге жауап береді.

Төртіншіден, сіздің кіргізген жаңалық мемлекеттік бағдарламаға қандай өзгерістер әкелді дегенге дәйекті пікір білдіреді.

Бесіншіден, сіздің бағдарламаңызды жүзеге асыруға қандай технологиялар ыңғайлы? - дегенге жауап сараланады.

Оқулықтар мен оқу құралдары білім мазмұнын нақтылайды, оның ауқымы мен тереңдігін ашады. Бүгінгі ұсынылатын оқулықтар ұстаздардан білім мазмұнын іріктеуде айрықша кәсіби құзыреттілікті талап етеді.

Мұнымен бірге ғалымдардай дарынды оқушыларды оқытатын ұстаздар білім мазмұнының өзектілігін айқындайды. Оқу және оқу құралдары өмір ағымындағы ақпараттар тоғынынан ұдайы артта қалып отырады, ондай жағдайда электрондық оқулықтар шығару қажеттілігі өз-өзінен туындайды.

Көбінесе модернизацияға сай сабақ өткізу пәндердің интеграциясында басты және маңызды білім көлемін бөліп алуға міндеттейді.


Қорыта келгенде, дарындылыққа оқушыларды бағдарлаудың педагогикалық біртұтас үдерісін басқару-күрделі құбылыс,

онын өзіндік тарихи желісі бар, төрт түрлі деңгейлікте зерделенеді. 1. Бағдарламалық - дарынды қабілеттілікке бағыттау - бұл философиялық бағдар. 2. Тұжырымдамалық-модельдеу - жан-жақты дамыған, кешенді тұлға - дарындылықты мемлекеттік стандарт шегінен терең меңгерген ізгі жан. 3. Нақтылы-мақсаткерлік деңгей - өз-өзін дарындылыққа бағдарлауды басқаруда нақтылы міндеттер қоя алады, оны іске асырады. 4. Білім және оқыту мазмұнын іріктеу.

Пәндік нысандағы деңгей - оқыған пәнін, білім мазмұнын нақты да нұсқалы терең меңгерген ізгілікті және кемелді жан.

Жіктеп айтсақ: 1. Философиялық бағдар, прогностикалық қызмет. 2. Дарындылық қабілет дамытудың стандарты (мемлекеттік стандартқа жүгінген) - гностикалық қызмет. 3. Дарынды оқушыларды оқытудың педагогикалық біртұтас үдерісін басқаруда нақтылы да нұсқалы міндеттерді құру, іске асыру - педагогикалық рейтингі және мониторинг.

Модель. Даритель. Окушарларды оқытуларды формативті пайдалануға үлгерісті бақыраушы үлгісі



ӘДЕБИЕТ

1. В.А. Краковский "Адам болу амалы. Жалпы адамзаттық құндылық - біртұтас педагогикалық үдеріс негізі". М., 1993
2. В. Оконь. Введение в общую дидактику. М., 1990

Резюме

В статье говорится об одаренных способностях одаренных учащихся.

Resume

In the article is told about the gifted abilities of gifted pupils.